ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Телекоммуникациялық желілер кафедрасы

«ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ»
Кафедра меңгерушісі Байконов А. С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____ 2016 ж.
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: DWDM технологиясын қолдану арқылы Көкшетау-Бурабай аралығында ТОБЫ құрастыру
Мамандығы радиотехника, электроника және телекоммуникация
Орындаған Аубекенов Аиду Маратович Тобы МТС к-12-1
(Т.А.Ж.)
Ғылыми жетекшісі Кичкенбаева Алмагүл Тоқсейтқызы
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)

Кеңесшілер:
экономикалық бөлім бойынша:
Бауылов Бауыржан Бауылович
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «29» 05 2016 ж.
(қолы)

өміртіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
Абилкенова Асем Алмагельдиевна
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «20» 04 2016 ж.
(қолы)

есептеу техникасын қолдану бойынша:
аға оқытушы Жұмайық Ж.
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «24» 05 2016 ж.
(қолы)

аға оқытушы Кичкенбаева А. Т
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «24» 05 2016 ж.
(қолы)

Нормобақылаушы: аға оқытушы Темірқанова Эльвира Кадылбековна
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «30» 05 2016 ж.
(қолы)

Пікір беруші: _____
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____ 201___ ж.
(қолы)

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Радиотехника және байланыс факультеті
Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығы
Телекоммуникациялық жүйелер кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Дуйсенбеков Анвар Маратович
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы DWDM технологиясын қолдану арқылы Көкшетау-Бурабай арасындағы ТОБІН құрастыру

ректордың «19» 10 2015 № 119 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «05» 05 2016 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Жобаланушы аймақ - Көкшетау - Бурабай арасы. Трасса ұзындығы 91 км. Әрбір арнаның тұрақты жылдамдығы 10 Гбит/с. Қолданылатын кабельдің ұзындығы 6 км. Кабельдің жүктемесі ұзындығы 65 50 км. Оптикалық модуль түрі S7.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

1. Жобаны ұйымдастыру аймағын сипаттамалары алу.
2. Технологияны, жобаланатын кабельдің, желі топологиясын кабіл төсеу трассасын таңдау.
3. Нұсқа сызығы регенераторларын аймақ ұзындығын, оптикалық-талшықтың негізгі сипаттамаларын
4. Нормаландыру мен экономикалық тиімділігін табу.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Қолданылатын кубіқтің принципті,
мультиплексорлық блок сұлбасы,
Топология сызбасы,
Лазер сұлбасы,
Шығынды экономикалық
көрсеткіштерінің графиті.

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

Павлов И. Н. DWDM жүйелері: ерекшеліктері және қолдану. "Нені және байланыс жүйелері", 2007.
Убайдуллаев Р. Р. Талшықты-оптикалық желілер.
Фриман Р. Талшықты-оптикалық байланыс жүйелері.
Слепов Н. Н. SDH синхрондық сандық желілері.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Экономика	Бавыпов К.Б.	17.4-24.5.16	
ӨТБ	Бикенов А.А.	20.03-20.04.16	
Есептеу техн. бөлім	Шұғайыпов З.	19.10.15-24.05.16	
Жетекші бөлімі	Кичкенбаева А.Т.	19.10.15-24.05.16	

диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	ТОБА және айналу сипаттамалары	19.10.15-02.11.15	
2	Нәбдеуіштерді таңдау	02.11.15-02.12.15	
3	Арқа сығымы есептеу	03.12.15-31.12.15	
4	Регенераторлардың айналу уақытын есептеу	05.01.16-31.01.16	
		1.02.16-29.02.16	
5.	Апертура есептеу		
6.	Өткізу қабілетін	1.03.16-11.03.16	
	есептеу		
7.	Нозиттерді есептеу	12.03.16-25.03.16	
8.	Ұзын қорын есептеу	28.03.16-4.04.16	
9.	Энергетикалық қорын	5.04.16-18.04.16	
	есептеу		
10	Сигнал/шу қатынасын	19.04.16-29.04.16	
	есептеу		
11	MDM дәрежесін анықтау	2.05.16-6.05.16	
12	Сенімділікті есептеу	9.05.16-13.05.16	
13	Нұрландыру, ауа алмасу	16.05.16-19.05.16	
	нұрларінің есебі		
14.	Экономикалық тиімділікті	20.05.16-24.05.16	
	дәлелдеу		

Тапсырманың берілген уақыты «19» 10 2015 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ т.ғ.к. проф. Байкенов А.С.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ аға оқ. Кучкенбаева А.Т.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы кабылдаған студент _____ Ауелбеков А.М.
(қолы) (аты -жөні)

Аңдатпа

Берілген дипломдық жобада DWDM технологиясын қолдану арқылы Көкшетау – Бурабай аралығында ТОБЖ құрастырылды. Қазіргі таңда ең озық технологиялар қатарына DWDM технологиясын жатқызуға болады.

Жобада оптикалық кәбілдің өзара әсерін, талшықты-оптикалық байланыс желісінің трассасын, жүйе қуатының толық қоры есептелген.

Өміртіршілігі қауіпсіздігі бөлімінде өндірістік жарықты есептеу қарастырылған.

Аннотация

В данной дипломной работе была построена ВОЛС на участке Кокшетау – Боровое с использованием технологии DWDM. На данный момент технологию DWDM можно отнести к самым передовым технологиям.

В проекте было показано влияние оптических кабелей, трасса волоконо-оптической линии, а также расчитаны ресурсы системы мощности.

В отделе безопастность жизнедеятельности был рассмотрен расчет производственного освещения.

Annotation

In this work we built FOCL on the sector Kokshetau - Borovoye with using DWDM technology. Now DWDM technology can be attributed to the most advanced technologies.

The project has been shown to influence the optical cable route fiber-optic lines, as well as calculated power system resources.

In the department of life was considered bezopastnost calculation of industrial lighting.

Мазмұны

Кіріспе 8
1 Аймақтардың сипаттамасы, қолданылған технологияның шолуы 9
1.1 Аймақтың географиялық және экономикалық сипаттамасы 9
1.2 ТОБЖ-де пайдалынатын технологияны шолу 10
1.3 Технологияны, жабдықты, кабельді таңдау 15
1.4 Желі топологияны таңдау 27
1.5 Кәбіл төсу трассасын таңдау 27
2 Негізгі параметрлерді есептеу 29
2.1 Керек арна санын есептеу 29
2.2 Регенерациондық аймақ ұзындығын есептеу 32
2.3 Оптикалық талшықтың негізгі сипаттамаларының есептеуі 34
2.4 Апертураны есептеу 36
2.5 Оптикалық кәбілде өзара әсерлерін есептеу 38
2.6 Талшықты-оптикалық байланыс желісінің трассасын таңдау 40
2.7 Иерархия сатын және ағындардың топтық жылдамдық есептеу негізінде, мультиплексор түрун таңдау 40
2.8 Жобаланатын талшықты-оптикалық байланыс желінің өткізгіш қабілеттілігін анықтау 43
2.9 Оптикалық тракта жиынтық жоғалтуын анықтау 43
2.10 Жүйе қуаттың толық қорын есептеу 44
2.11 Энергетикалық қорын есептеу 44
2.12 Сигнна/шу қатынасын немесе регенерациондық аймақ ұзындығына бөлінетін қате мүмкіндігін анықтау 45
2.13 Беріліс оптикалық модуль (БОМ) шығуында оптикалық сәулеленудің беріліс қуат дәрежесін анықтау 45
2.14 МДМ (қабылдау оптикалық модульдің сезімділік шегі - ҚОМСШ) дәрежесін анықтау 45
2.15 Жүйенің тезқимылын анықтау 46
2.16 Сенімділікті есептеу 47
3 Өміртіршілік қауіпсіздігі 49
3.1 Қолданылған жабдықтардың сипаттамасы 49
3.2 Еңбекшарттарынсараптау 49
3.3 Өндірістік жарықты есептеу 51
3.4 Ауа алмасу мен вентиляция системасын есептеуі 54
3.5 Лазер сәулесідеңгейініңесебі. 57
4 Экономикалық бөлім 61
4.1 Жоба сипаттамасы 61
4.2 Ұйымдастыру жоспары 61
4.3Қаржы жоспары 62
4.4 Өндіріс жоспары 62
4.5 Жылдық пайдаланған шығындар 63
4.6 Табыс және экономикалық тиімділік 65

4.7 Инвестиция тиімділік көрсетіштерді есептеу 67
4.8 Нәтижелерін бағалау 69
Қорытынды
Әдебиеттер тізімі
А Қосымшасы
Б Қосымшасы
В Қосымшасы

Кіріспе

Соңғы жылдары ақпараттық үрдіс шартындағы мемлекет пен қоғам өмірін сапалы және жоғарғы жылдамдықты байланыссыз елестету мүмкін емес. Қазіргі заманда біздің қоғам ақпараттанудың екпінді үрдісімен сипатталады. Ол өткізу қабілеті мен ақпараттық желілердің икемділігі өскен кезде пайда болады, осыған қатысты, біздің алдымызда алыс қашықтыққа ақпараттың көптеген мөлшері және оның өңделуіне жоғары жылдамдықпен және жоғары дәрежеде ақпараттың растығы сияқты мәселелер тұрады. Көптеген мамандар ТОБЖ көмегімен магистралдық арналардың өткізу қабілетін арттыруды және Internet желісінде қарқынды түрде өсіп келе жатқан трафиктердің жіберуді көздейді. Ол үшін өндірушілер мен қызметті қондырушылар жіберу жылдамдығын артыру үшін әртүрлі технологияларды қолдануда. Алайда, ғылыми және техникалық прогресстердің арқасында нанометр деңгейіндегі арналарды мультиплексорлеу технологиясы қазіргі заманның жоғарғы талаптарына жауап бере алады. Магистральдық желі деңгейіне жіберілетін ақпараттың өсіп келетін көлеміне талшықты оптикалық байланыс желісінде қолданылатын технологияның көмегімен қарсы тұруға болады. Сондықтан байланыс құралын қамтамасыздандырушы заманауи ақпараттық желіні құру кезінде талшықты оптикалық кәбілдер жүйесін жиі қолданады. Бұл телекоммуникациялық магистральдардың ұзақтығын құру ретінде, сонымен бірге локалдық есептеу желісіне де қатысты. Қазіргі таңда ең озық технологиялар қатарына тығыз толқындық мультиплекстеуді DWDM (Dense Wavelength Division Multiplexing) жатқызуға болады. Бұл технология оптикалық арналарда трафикті жіберу тиімдігін жоғарылату қабілеттілігін тудырады. Сонымен қатар, бұл технологиясының көмегімен барлық қажетті қызмет түрін қалайтын тұтынушылар үшін әр түрлі мәселелердің шешімі бола алады. DWDM технологиясы көптеген әртүрлі қабілеттерді қамтамасыз ете алады. Оның ерекшелігі ретінде, экономикалық көзқарас жағынан қарағанда да, шектелмеген жылдамдықты және шектелмеген әр түрлі трафикті жіберу қабілеттілігі зор. Қазіргі кезде бұл жабдық 80-ге дейін оптикалық арналарды қолданса, болашақта 300-ге дейін кеңейеді деп болжайды.

1 Аймақтардың сипаттамасы, қолданылған технологияның шолуы

1.1 Аймақтың географиялық және экономикалық сипаттамасы

1.1.1 Көкшетау қаласының географиялық және экономикалық сипаттамасы.

Көкшетау қаласы Ақмола обласында орналысқан және облысының ең үлкен қала болып табылады. Қопа көлдің жағалауында орналасқан. Көкшетау қаласының ауданы 400 км^2 болып табылады. Халық саны - 159488 адам. Көкшетау қаласы, барлық Ақмола облысы сияқты, UTC+6 сағаттық белдеуде орналысқан. Аймақтың климаты - шұғыл континентальды, өйткені қала материкте мұхиттардан алыс орналасқан, жылдық және тәуліктік температура жүресінде үлкен амплитудаларды шарттайды. Орташа жылдық температура 3 °C. Қыста температура -48,3 °C дейін төмендейді, ал жазда 41,7 °C дейін көтеріледі. Орташа жылдық желдің жылдамдығы - 5,3 м/с.

Көкшетау қаласында тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, металл өңдеу, химия өндірісі, металл емес бұйымдар өндіру, картон мен қағаз өндіру кәсіпорындары, жылу, электр энергиясын, газ және су тарату мекемелері бар. Қаланың ең ірі өнеркәсіп кәсіпорындары: алкогольді, алкогольсіз ішімдіктерді және минералды суларды өндіретін “Көкшетауминсуы” АҚ, алтын өндіретін “Васильков алтын” бірлескен кәсіпорны, оттектік тыныс алу аппараты, салмақ өлшеу техникасы, су шығынын есептеуіш аспабы, авиация техникасы агрегаттары мен тораптарын жасайтын “Тыныс” акционерлік қоғамы, әуе-ғарыш техникасындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне арналған агрегаттарды өндіретін “Наука-Восток” акционерлік қоғамы.

Көкшетау қала ішінде теміржол вокзалы және оның қасында көлік вокзалы орналасқан. Кеңес периодта Қазақстан территориясында бірінші 1920-1922 жж. Петропавл - Көкшетау темір жол салынған. Ол Қазақстанның түпкі аймақтарды дамыту және астықты шығаруымен байланысты, ол 1926-1931 жж. Бурабайдан Қарағандыға дейін салынды, оның ұзындығы 700 км-ден асты. Ал автобус бағыттары Астанаға, Петропавлға, Қарағандыға және Семейге дейін барады, Тағы да олар Ресей қалаларға барады: Омбы мен Екатеренбургқа дейін. Қаланың шетінде, ел ішіндегі сапарларүшін қызмет ететін әуежай орналысқан.

2009 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 24 млрд. тг. құрды.

Көкшетауда "Оқжетпес" футбол клубы бар. Ол 1957 жылы құрылған.

1.1.2 Бурабай кентінің географиялық және экономикалық сипаттамасы.

Бурабай кенті Ақмола облысында орналасқан. Ол Бурабай көлдің жағаласында орналасқан. Бурабайда шипажайлар және балшықты су емханалары орналысқан.

Бурабайдағы халық саны 2012 жылы 5800 адам құрды. Бурабай ұлттық парктің ауданы 835 км^2. Бурабай кенті UTC+6 сағаттық белдеуде орналысқан. Аймақтың климаты - шұғыл континентальды, орташа жылдық температура

3°С. Қыста температура -48,3°С дейін төмендейді, ал жазда 41,7°С дейін көтеріледі. Орташа жылдық желдің жылдамдығы - 5,3 м/с.

Бурабай кенті Көкшетау қаласынан 95 км және Щучинск қаласынан 20 км ара-қашықтықта орналысқан. Оны "Қазақстан қазынасы" және "Қазақстандық Швецария" деп атайды. Бурабай ұлттық паркқа 14 үлкен көлдер орналасқан. Бурабай фаунасына 300 омыртқалылар түрлері, ал флорасына 800 өсімдіктер түрлері жатады.

Оның бойында Қазақстандағы жалғыз Астана - Щучинск автобан орналысқан.

Бурабай кентте 5 ұялы байланыс операторлары жұмыс істейді: Kcell, Activ, Beeline, Tele2, Altel.

1.1.3 Аралық елді мекендердің сипаттамалары

Ивановка - Зеренда ауданындағы ауыл, 244 адам тұрады.

Кенесары - Бурабай ауданындағы, Кенесары ауыл округіне кіретін ауыл, 1598 адам тұрады.

Баянбай - Бурабай ауданындағы, Кенесары ауыл округіне кіретін ауыл, 600 адам тұрады.

Ақылбай - Бурабай ауданындағы, Абылайхан ауыл округіне кіретін ауыл, 972 адам тұрады.

Озерная - Бурабай ауданындағы, Абылайхан ауыл округіне кіретін ауыл, 225 адам тұрады.

Щучинск - Бурабай ауданындағы қала, 45253 адам тұрады.

1.2 ТОБЖ-де пайдалынатын технологияны шолу

Қазіргі кезде, оптикалық талшықты беріліс орта секілді кең пайдалынатын үш ғаламдық байланыс желінің технологиялары бар: PDH - плезиохрондық цифрлік иерархия, SDH/SONET - синхрондық цифрлік иерархия және WDM - толқындық мультиплекстерлеу технологиясы. Бірінші екі технология (PDH және SDH) отандық желінде кең пайдалынады. WDM қымбатшылықтан және SDH технологиясының мүмкіншіліктері бітпегендіктен, онда қолданылмайды.

Оптикалық беріліс ортаны пайдаланатын басқа технологиялардан (FDDI, ATM және GBE - GigabitEthernet - гигабиттік Ethernet, біріншіден LAN-да қолданылады) соңғы екеуі ғана (ATM және GBE) LAN шектерден шықты және глобальді технология секілді қарастыруға басталды (біріншіден ол ATM-ге қатысты), WDM көлік технологиясымен берілетін, физикалық дәрежесінің интерфейсті пайдалану мүмкіншілік арқасында. Қазіргі кезде ВСС желіндегі WDM жүзеге асыру жоқтығын, және LAN технология секілді, қарастырылған технологиялардың сипаттау қатарының болуы еске алсақ, олар қарастырылмайды. Әрі қарай PDH және SDH технологияларды қысқаша және WDM технологиясын туралы толық қарастырамыз.

Уақытша мультиплексирлеудің сандық әдісін пайдаланған кезде мультиплексорды бірінші деңгейде берілу жылдамдығы 64 кбит/с жылдамдықпен, ОЦК (немесе DS0) кіріс сигналдары ретінде n x 64 кбит/с

жылдамдығы бар берілгендердің біріншілік сандық ағынын құрай отыра қолданады. Осылайша, Bell D2 жүйесі үшін қолымызда 24 х 64 кбит/с = 1536 кбит/с ақпараттық ағын бар. Нәтижесінде біріншілік ағын қайталанатын топтардан тұрады,олардың әрқайсысы фреймнің (немесе циклдың) құрылысына ие болады. Bell D2 жүйесінде T1 (1544 кбит/с) фрейм құрылады. Егер мультиплексирлеудің осы деңгейін m:1, l:1, k:1... типті мультиплексорды қолданатын кезектілік, каскадтық, екіншілік, үшіншілік мультиплексирлеу т.б. деңгейлер кестесінде біріншілік деп санайтын болсақ, онда берілудің сандық жылдамдықтарының әртүрлі иерархиялық жиынтықтарын немесе сандақ иерархия құрастырып шығаруға болады. Олар мультиплексирлеу немесе арналар тығыздалу процессін қажетті деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді,ол деңгей кезекті каскадтар үшін талап етілетін DS0 (ОЦК) арналар санын m, l, k, ...мультиплексирлеудің әртүрлі коэффициенттерін таңдау жолымен шыға берісте береді.

SONET/SDH синхронды желілік технологиялары шыққанға дейін құрастырылған және енгізілген сандық желілер,шын мәнінде, асинхронды жүйелер болды, өйткені ішкі синхронизацияны орталық тірек көзінен пайдаланған жоқ. Оларда бит жоғалту (немесе олардың нақты локализациясының мүмкін болмауы) тек ақпарат жоғалтуға ғана емес, сонымен бірге синхронизация бұзылыстарына да алып келді.

Синхрондық желілерде барлық жергілікті таймерлердің орташа жиілігі нақтылығы 10^{-9} -тен жаман емес (мысалы DS3 үшін мүмкін болатын 0,045 бит/с жылдамдықты ауытқуды береді) орталық таймерді (көзді) қолданудың арқасында немесе бірдей (синхронды) немесе синхрондыға жақын (плезиохронды) . Бұл ситуацияда фреймдерді немесе мультифреймдерді теңестіру қажеттілігі онша жедел болып тұрған жоқ,ал теңестіру диапазоны айтарлықтай. Сонымен қоса, егер оның инкапсулирлеуші фреймі құрылысындағы осы фрагмент бастамасының нұсқаушыларын енгізсек, ағынның белгілі фрагментін (мысалы E1 арнасын) бөліп алу ситуациясы жеңілдейді. Нұсқаушыларды қолдану контейнер-тасымалдаушының ішкі құрылысын жеңіл құрастыруға мүмкіндік береді. Нұсқаушылардың кейбір буферде сақталуы (фреймнің немесе мультифреймнің бастамасында) және олардың қате коррекциялаушы кодтармен қосымша қорғанысы пайдалы жүктеме желісі (фреймнің, мультифреймнің немесе контейнердің) бойынша берілетін ішкі структураның тек қана сенімді локализация жүйесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Көрсетілген тұжырымдар синхронды желілер қолданылып жүрген асинхрондыларға қарағанда басымдылыққа ие екенін көрсетіп отыр,олардың негізгілері мыналар:

- желінің жеңіл болуы, ол синхронды желіде барлығы бір енгізу-шығару мультиплексордың болуына байланысты,тікелей шығаруға (енгізуге) мүмкіндік береді,мысалы, STM-1 модулінің E1 (2 Мбит/с) ішке/сыртқа сигналы PDH мультиплексорларының тұтас “гирляндасын” алмастырады, оның орналасуы үшін орын мен құрылғыларды үнемдей отыра;

- желінің сенімділігі және өзін-өзі қалпына келтіруі, біріншіден желінің электромагниттік кедергілердің әсеріне ұшырамаған талшықты-оптикалық кәбілді пайдалануымен байланысты,екіншіден архитектура және желіні оңай басқару қорғанысты жұмыс режимін пайдалануға мүмкіндік береді,ал ол олардың біреуі зақымдалған жағдайда қас-қағым сәтте дерлік қосылатын сигнал жіберудің екі альтернативті жолын шығарады, сонымен қатар желінің зақымдалған түйінін айналып өту – осы желілерді өзін-өзі қалпына келтіруші желі етеді;

- желіні оңай басқару, ондағы айтарлықтай кеңжолақты басқару арналарының көп мөлшерлі санының болуымен және желілік және элементтік менеджмент деңгейлері бар жеңіл иерархиялық басқару жүйесінің болуымен байланысты;

- талап бойынша жіберу жолағын бөлу – бұрын тек ертерек (мысалы бірнеше күн бұрын) жоспарланған келісім бойынша жүзеге асырылуы мүмкін болатын, енді басқа арнаға (кеңжолақты) ауысу жолымен санаулы секундтарда беріле алатын сервис;

- кез-келген трафикті беру үшін түссіздік – трафикті беруге арналған виртуальды контейнерлерді қолдануға негізделген факт, ал ол трафик басқа технологиялардан, соның ішінде нағыз қазіргі технологияларды қоса: FrameRelay, IP, ISDN и ATM, құралған;

- қолданудың әмбебаптылығы – технологияны глобальды желілерді немесе глобальды магистральдарды құрастыру үшін де, сонымен қатар локальды желілер қатарын біріктіруші компактті сақиналы корпоративті желілер үшін де қолдануға болады;

- күштілікті өсірудің қарапайымдылығы – аппаратураны орналастыруға арналған әмбебап тіреуіш болған жағдайда келесі, иерархияның әлдеқайда жоғары жылдамдығына ауысу жай ғана жаңа (үлкен жылдамдыққа есептелінген) карт-блоктарды енгізумен жүзеге асырылады;

ТОБЖ-ны пайдалану кезінде қазіргі уақытта WDM/DWDM технологиясы кеңінен қолданылады. WDM – бұл арналардың спектрлі тығыздалуы (ағыл. Wavelenght-divisionmultiplexing, WDM, толқын ұзындығы бойынша бөлу арқылы мультиплексирлеу) – бір мезгілде бірнеше әртүрлі тасымалдаушы жиіліктердегі ақпараттық арналарды бір оптикалық талшықпен беруге мүмкіндік беретін технология.

WDM технологиясы арнаның өткізгіштік қабілетін айтарлықтай жоғарылатуға мүмкіндік береді (2003 жылы 10,72 Тбит/с, ал 2012 жылы 20 Тбит/с жылдамдыққа жетті), сонымен қоса ол бұрын енгізілген талшықты – оптикалық сызықтарды пайдалануға мүмкіндік береді. WDM-нің арқасында трафиктің екіжақты көпарналы берілуін бір талшықтың көмегімен ұйымдастыруға болады. DWDM-жүйелерінің артықшылығы – жоғары жылдамдықты сигналды өте алыс қашықтықтарға аралық пункттерді қолданбай беру мүмкіндігі. Бұл артықшылықтар берілгендерді аз халықты жерлер арқылы беру үшін өте қажетті.

Байланыс желілерінің өткізгіштік қабілетін жоғарылатуға қажеттілік жыл сайын еселенеді,және бұл темп алдағы он жылда баяулауы екіталай. Сонымен қоса, бұл қажеттілік барынша географиялық кең таралуда. Жеткізушілердің бағаларды түсіруі, телекоммуникациялардағы мемлекеттің монопольды жағдайының әлсіреуі және интернетті қолдануға деген әлсіремейтін қызығушылық тек қана берілу жылдамдығына деген сұраныстың артуына алып келеді. Бүгінгі күні DWDM технологиясы тәжірибеде өзінің сенімділігін көрсете отыра, өткізу жолағының ең жылдам және үнемді өсуін қамтамасыз етеді. Көптеген жағдайларда DWDM технологиясын пайдаланудың арқасында байланыстың оптикалық сызығының өткізгіштік қабілеті жүздеген есе жоғарылауы мүмкін.

Спектральды немесе оптикалық тығыздалу технологияларының мағынасы көптеген SDH бөлек сигналдарды бір талшықпен ұйымдастыру мүмкіншілігінде,ал сәйкесінше байланыс сызығының өткізгіштік қабілетін көп есе үлкейтуде.

Бұл технологияның негізі 1958 жылы, талшықты оптиканың өзі пайда болғанға дейін салынған. Бірақ мультиплекстік жүйелердің алғашқы компоненттері жасалынғанға дейін 20 жылдай өтті. Алғашқыда олар лабораториялық зерттеулер үшін жасалынды, және тек 1980 жылы спектральды тығыздалу технологиясы (WavelenghtDivisionMultiplexing, WDM) телекоммуникациялар үшін ұсынылды. Ал бес жылдан кейін AT&T компаниясының зерттеу орталығында бір оптикалық талшықтан 2 Гбит/с – тан 10 арна құрғанда спектральды тығыздау тығыз технологиясы (DenseWavelenghtDivisionMultiplexing, DWDM) жүзеге асты. Бұл жағдай адам көзімен қарағанда жарық әр-түрлі түстен тұрады, оны шашып, қайта жинауға болады, дәл солай DWDM технологиясы бойнша берілетін жарықтар ағыны әр-түрлі толқын ұзындықтарынан тұрады (2.1 сурет).



1.1 Сурет - Жарық ағыны

Демек бір талшық арқылы жүз шақты стандартты арна беруге болады. DWDM құрылымдық сұлбасы қарапайым. Бір талшықта бірнеше оптикалық арнаны ұйымдастыру үшін SDH сигналдарын «бояйды», яғни осындай сигналдың әрқайсысы үшін оптикалық ұзындықты алмастырады. «Боялған» сигналдар мультипликсатордың көмегімен араласады және оптикалық желіге беріледі. Соңғы бөлімде кері операция орын алады – «боялған» SDH

сигналдары топтық сигналдан бөлініп шығып, тұтынушыға беріледі. Көптеген толқын ағынынан бір талшықтан беру үшін DWDM технологиясы ерекше дәлдікті құрылғымен қамтамасыз етілген.



1.2 Сурет – DWDM принципшіл сұлба

Бір талшық арқылы көптеген толқындық ағындарды беру үшін DWDM технологиясы аса нақты құрылғылармен қамтамасыз етілгені айқын. Осылайша, стандартты лазер қамтамасыз ететін телекоммуникацияларда қолданылатын толқын ұзындығының қатесі DWDM жүйесінде талап етілетіннен шамамен жүз есе артық. Оптикалық талшықтан өту шамасы бойынша сигнал ақырындап сөнеді. Оны күшейту үшін оптикалық күшейткіштер қолданылады (1.3 сурет). бұл ақпараттарды 4000 км қашықтыққа дейін оптикалық сигналды электрлікке ауыстырмай ақ бере алады (салыстыру үшін , SDH –де бұл қашықтық 200 км-ден аспайды).



1.3 Сурет – DWDM жабдығы

DWDM-ның артықшылықтары көзге көрініп ақ тұр. Бұл технология талшықты-оптикалық арналардың өткізу жолақтарының кеңейтудің аса масштабты және рентабельді әдісін алуға 100 есе мүмкіндік береді.оптикалық сызықтардың өткізгіштік қабілетін DWDM жүйесі негізінде өсіруге болады, ақырындап желінің дамуы бойынша бұрыннан бар құрылғыға жаңа оптикалық арналарды қоса отырып.

Өткізу жолағының ені ақпаратты беру жылдамдығымен байланысты. Шығындар (сөну) сигнал беріле алатын қашықтықты анықтайды. Сигналдың берілу линиясы бойынша ауысуынан басқа, оның амплитудасы төмендейді. Бұл амплитуданың төмендеуі сөну деп аталады. Оптикалық кәбілде сөну жиілікке байланысты емес және белгілі жиілік диапазонында өте жоғарғы және тіпті қолданылмайтын жиіліктерге дейін тұрақты болып қалады.

Оптикалық талшықтардың электромагниттік сәуледен шығатын кедергілерге сезімталдығының жоқтығы мынаған байланысты, өйткені жарықтық сигналдар электромагниттік кедергілердің әсерінен бұзылмайды (ЭМН). Сандық берілу сигналдың қатесіз жеткізілуін қамтиды. ЭМН шашырандылары бастапқы сигналда ешқандай пиктің болмауы кезінде пиктің пайда болуына әкелуі мүмкін. Осылайша, оптикалық талшықтар сигналдардың бұзылыссыз берілуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Оптикалық талшықтың салмағы мыс өткізгіштікіне қарағанда айтарлықтай төмен. мыстың ақпаратық көлеміндей талшықты-оптикалық кәбілдің салмағы аз,өйткені соңғысы линиялардың көп көлемін қажет етеді. Талшық диэлектрик болып табылады және ток өткізбейді. Оның қолданылуы ұшқын – және өрт қауіпсіздігі тұрғысынан қауіпсіз. Сонымен қоса, талшық найзағай тартпайды.

Талшықты-оптикалық кәбілдің сонымен қоса қауіпті орындарда қолданылуына болады, қауіпсіздікке байланысты мүлде кәбіл қолданылмаған жерлерде. Мысалы, талшықты тура жанармай бәгі арқылы орнатуға болады.

1.3 Технологияны, жабдықты, кабельді таңдау

1.3.1 Қолданылатын технологияны таңдау

Соңғы жылдарда әлемде магистральдардың өткізгіштік қабілетін арттыру және ақпараттың берілу сапасын жоғарылату мақсатында байланыс құралдарының әрі қарай шыңдалу процессі жүріп жатыр. Желілерде толқын ұзындығы бойынша (WDM) SDH- мультиплексирлеу және (DWDM) толқын ұзындығы бойынша тығыз мультиплексирлеудің жаңа технологияларының туып жатқанын бөліп көрсету керек. Бұл технологиялар магистральдардың өткізгіштік қабілетін оптикалық кәбілдің төсемелеріне қосымша шығындарсыз арттыруға мүмкіндік береді,ол бір оптикалық талшық арқылы бірнеше сандық ағындардың әртүрлі толқын ұзындықтарында бір ОВ түссіз терезесінде берілуіне байланысты. Бұл технологиялар байланыстың талшықты-оптикалық линияларында кең қолданылатын болды.

Жоғары жылдамдықты магистральды берілу линияларының өткізгіштік қабілетіне қажеттілік тоқтамай өсуде. Байланыс арналары арқылы берілетін трафиктің сипаты да өзгереді. Егер бұрын магистральды линиялардың жалпы жүктемесінің көп бөлігін телефондық трафик құраған болса, соңғы жылдары жаппай компьютеризациялауға және желілік ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты трафиктің негізгі үлесі ақпараттарды беруге тиеді. Үлкен өткізгіштік қабілетке және ақпаратты берудің жоғары жылдамдығына жаңа технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Оптикалық

кәбіл ақпараттарды өте жоғары өткізгіштік қабілетпен жібере алады, өте жақсы трансмиссионнды сипаттарға ие, берілетін ақпараттардың жоғары сиымдылығына ие, өткізгіштік қабілеттің көбеюінің әрі қарай дамуы үшін потенциалға және электромагниттік және радиожиілікті кедергілерге тұрақтылыққа ие.

WDM жүйелері оптикалық талшықтың бір мезгілде әртүрлі толқын ұзындықтарындағы (түстердегі) жарықтарды біріккен интерференциясыз беру қабілетіне негізделген. Әр толқын ұзындығы талшықта бөлек оптикалық арна болып табылады. Бірнеше арнаны бір талшыққа біріктіріп, сосын оларды желінің қажетті нүктелерінде ерекшелеу үшін әртүрлі оптикалық әдістер бар. Бүгінгі күні WDM технологиясы бір талшық арқылы көрші арналар арасындағы толқын ұзындықтарының айырмашылығы бар жоғы нанометр үлесі болатын арналарды беруге мүмкіндік береді, бұл тығыз толқындық DWDM мультиплексирлеу деп аталады. WDM технологиясының дамуы коммерциялық желілерді жасауға жол ашты, оларда бөлек талшықтар арқылы жүзге жуық тәуелсіз оптикалық арналар беріледі, сонымен қоса сигналдардың берілуі екі бағытта бір және басқа оптикалық талшықта жүзеге асатын желілер жасауға жол ашты.

Дипломдық жобада ең негнзгң таңдалған технология - DWDM технологиясы.

1.3.2 Қолданылатын жабдықты таңдау

DWDM жүйесі жалпы жағдайда бір немесе бірнеше лазерлік таратқыштан, мультиплексордан, бір немесе бірнеше EDFA күшейткіштерден, енгізу-шығару мультиплексорынан, оптикалық кәбілден, демультиплексордан және фотоқабылдағыштардың сәйкес санынан, сонымен қатар берілетін ұзындықтарды қолданылатын байланыс протоколдарына сәйкес өңдейтін құрылғылардан және желілік басқару жүйесінен тұрады.

Көптеген алдыңғы қатарлы өндірушілерде DWDM-құрылғы бар, ол С-диапазонда(1530-1565 нм) 40 оптикалық арнаға дейін бір арнаның ені 100 ГГц болғанда немесе 80 оптикалық арнаны бір оптикалық арнаның ені 50 ГГц болғанда мультиплексирлеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда бір оптикалық арнаның максимальды сиымдылығы 10 Гбит/с (STM-64 дәреже) құрайды. L (1570-1605 нм) диапазонында оптикалық арналардың максимальды саны 160-қа жете алады арнаның ені 50 ГГц болғанда.

DWDM-құрылғыны 160 арнаға бір мезгілде қолданған кезде С және L (С + L) диапазондарында оптикалық кәбілдерге белгілі талаптар туындайды, ал нақтырақ айтсақ : С- және L-диапазондарында сөну шамамен бірдей болуы керек. Демек, осы диапазондарда сөнуі бойынша симметриялы сипаттамалары бар оптикалық кәбілдерді қолдану керек. Бұндай кәбілдер салыстырмалы жақында құрастырылды. Көптеген жағдайларда операторлар симметриялы емес сипаттамалары бар С- және L-диапазондарындағы кәбілдерді қолданады. Осылай, G.652 ұсынысының талаптарына сәйкес кәбілдер үшін көрсетілген диапазондарда сөну айырмашылықтары 0,02 дБ/км-ге жетуі мүмкін, оны бір күшейткіш аймаққа есептегенде 2 дБ-ге дейін айрмашылық береді. Бұл

жағдайда құрылғылардың орналасуының есебі үшін барынша үлкен сөнуді алу керек, ол таратушы құрылғыны жиі орнату қажеттілігіне алып келеді және соңында оның бағасын өсіреді.

DWDM жабдықтың 4 негізгі түйінді атап кетуге болады:

- оптикалық терминалдық мультиплексор (Optical Terminal Multiplexer - OTM);
- регенератор (Regenerator - REG);
- оптикалық күшейткіш (Optical Line Amplifier - OLA);
- кіру-шығу оптикалық мультиплексор (Optical Add Drop Multiplexer - OADM).

Оптикалық терминальды мультиплексордың негізгі түйіндері болып оптикалық мультиплексор (ОМ) және оптикалық демультиплексор (ОД) табылады. ОМ тарату бағытында жабыстырылған толқын ұзындықтары бар сигналдарды мультиплексирлейді, олар транспондерлердің шыға берісінде топтық сигналға құрастырылған, ал олар транспондерлерге беріледі.

Оптикалық регенератор топтық сигналдың формасын қалпына келтіру үшін, джиттерді басу үшін және сигнал/шум сәйкестігін жақсарту үшін қолданылады. Осы мақсатпен O-E-O (Optical-Electrical-Optical) жаңаруы қолданылады. Топтық сигнал REG-ке кіре берісте электрлік формаға өзгереді, сигнал формасының 3R-қалпына келуі келтіріледі, және одан әрі ол тағы оптикалық формаға ауысады. Регенератор back-to-back кестесі бойынша транспондерлер арқылы қосылған екі OTM-мультиплексорлер базасында құрылады. Бұндай конфигурация барлық оптикалық арналардың енгізу-шығаруын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оптикалық күшейткіш сәйкесінше топтық сигналды оның формасын қалпына келтірместен күшейтеді. Ақпаратты үлкен қашықтықтарға тарату кезінде күшейткіштер эквалайзер функциясымен қамтамасыз етеді – оптикалық арналардың күштерін теңестіру. Қалалық жағдайларда эквалайзер функциясы қолданылмайды, және бұл күшейткіштің бағасын төмендетеді. Оптикалық күшейткіш DWDM құрылғысының (OTM-мультиплексормен және регенератормен салыстырғанда) арзанырақ түйіні.

Енгізу-шығару оптическалық мультиплексоры оптикалық күшейткіштің базасында құрылады, ол базаға пассивті оптикалық плата қосылады,ол плата фиксирленген толқын ұзындықтары бар оптикалық арналардың шектелген санын енгізу-шығаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол сындыру индексінің периодты өзгерістері бар брэгговтік тор болып табылады, ол өзгерістер ультрафиолетті сәуле көмегімен жасалған оптоталшықты кәбілдегі кесінділердің арқасында жасалады. Брэгговтік торлар базасындағы OADM-мультиплексор 1 ден 12 ге дейінгі оптикалық арналардың енгізу-шығаруын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қалған арналар үшін күшейткіш есебінде жұмыс жасайды. Бұндай мультиплексордың OTM-мультиплексормен және регенератормен салыстырғанда негізгі артықшылығы – оның әлдеқайда төмен бағасы.

1.3.3 Қолданылатын жабдықтың сипаттамасы

DWDM жүйесін өндірушілер нарығының анализін жүргізе отыра және Қытайдың телекоммуникациялық нарығы әлемде екінші орын алатынын ескере отыра, проектіленуші магистраль үшін HuaweiTechnologies компаниясының DWDM - OptiXBWS 1600G оптикалық тарату жүйесін таңдаймыз. Әртүрлі халықаралық ұйымдар мен техникалық конференциялардың белсенді мүшесі бола отырып, HuaweiTchnologiesCo компаниясы шығарған барлық өнімдер Ltd., ITU-T ұсыныстарына толық сәйкес келеді.

DWDM - OptiX BWS 1600G спектральдық тығыздалу оптикалық тарату жүйесі 160 толқын ұзындығы бойынша бір оптикалық талшық ішінде таратуды қамтиды, 1,6 Тбит/с ақпараттардың максимальды берілу жылдамдығымен. Әрбір арна 10 Гбит/с-ке дейін берілу жылдамдығын қамтиды. Бір оптикалық талшықтың өткізгіштік қабілетінің максимальды шеті 1600 Гбит/с-ке дейін жетеді. Бұған қоса, осы жүйе операторлар үшін ыңғайлы басқару платформасын, желінің өткізгіштік қабілетінің жеңіл және оңай кеңею мүмкіндігін ұсынады.

OptiX BWS 1600G жүйесі – бұл магистральдық деңгейдегі оптикалық тарату саласындағы Huawei компаниясы құрастырып шығарған жаңа буын өнімі,ол қазіргі уақыттағы осындай оптикалық тарату жүйелерінің даму деңгейіне толықтай сәйкес келеді және OptiX сериясының осыған дейінгі өнімдерінің барлық функционалды мүмкіншіліктерін толықтай алмастырды.

Конфигурацияның үлкен мүмкіншіліктерімен және қорғаныстың ыңғайлы әдістерімен үйлескен модульдік дизайн, OptiX BWS 1600G жүйесі оптикалық тарату жүйесінде негізгі роль ойнайды. Оптикалық талшықтың осыған дейінгі бар өткізгіштік қабілеті 10 Гбит/с -тен 1600 Гбит/с-ке дейін ұлғайтылуы мүмкін. Желі сиымдылығын кеңейтуді жүзеге асыру кезінде құрылғыны сөндірудің немесе қызметтерді таратуды үзудің қажеттілігі жоқ. Жай ғана жаңа құрылғыны енгізу керек немесе жаңа түйінді қондыру керек. Стандартты конфигурация кезінде OADM түйінін қосудың өзі жүйенің қалыпты қызмет атқаруына тиіспейді.

OptiX BWS 1600G жүйесінің негізгі тапсырмасы DWDM құрылғысының магистральдық деңгейде үлкен өткізу қабілетін қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан, желі құрастырудың ең ыңғайлы түрлері сақина және цепь топологиясы болып табылады.

OptiX BWS 1600G жүйесі нүкте-нүкте, цепь және сақина топологияларында қолданыла алады. Желінің магистральдық деңгейінде қызмет атқара отырып, осы жүйе ірі қалаларды қосады, оптикалық коммутациондық құрылғыдан, MAN DWDM құрылғысынан , SDH құрылғысынан және маршрутизаторлардан үлкен көлемді трафиктерді тарату мүмкіншіліктеріне ие. OptiX BWS 1600G жүйесінің оптикалық тарату желісінде орналасуы 1.4 суретте көрсетілген.



1.4 Сурет – Беріліс желіндегі OptiX BWS 1600G системасы

Huawei компаниясы оптикалық тарату құрылғыларының толық спектрін қамтамасыз етеді , OptiX 155/622H, OptiX 155/622, OptiX 2500+, OptiX 10G, OptiXMetro 3100, OptiXMetro 6100, OptiX BWS 320G, и OptiX BWS 1600G құрылғысын қоса. SDH (STM-1/4/16/64) Ақпарат таратудың әртүрлі жылдамдықтарымен , DWDM 320 Гбит/с и 1600 Гбит/с ақпарат таратудың магистральдық жүйелерімен және региональды MSTP –пен. Жүйелердің ерекшеліктері:

- көреген дизайн, барлық жабдықтарды SDH, ATM және IP дәстүрлі қызметтер біріктіреді;
- жабдықтардың үйлесімділігі, желідегі бар басқа жабдық түрлерге қосылуға мүмкіншілік береді;
- желілік басқару жүйесі SDH және DWDM желінің элементтерге кіру рұқсаты бар және басқаруға болады;
- желінің икемді кеңейтім;

OptiX BWS 1600G жүйесі жоғары жылдамдықты ақпарат тарату үшін арнайы құрастырылған.электрлік деңгейде мультиплексирлеу қызметін және төмен жылдамдықты қызметтің конвергенция функциясын қолдау қамтамасыз етіледі, ол өткізу жолағын қолданудың коэффициентін жақсартады. 1+1 оптикалық линия қорғанысының, активті/резервті 1+1 режиміндегі синхронизация қорғанысының қолдауы бар, 1:8 оптикалық толқын ұзындықты өзгеру платының қорғанысын қолдау бар.

EDFA күшейткіштерін қолдану тарату қашықтығын 640 км-ге дейін электрлік регенерация құрылғыларын қолданбай-ақ көбейтуге мүмкіндік береді. Raman және EDFA күшейткіштерін әртүрлі комбинацияларда қолдану күшейткіштің кеңжолақты теңестірілуін жүзеге асыруға және бір мезгілде жүйелік шуларды азайтуға,өз кезегінде жүйенің тарату қашықтығын үлкейтеді, мүмкіндік береді.

Оптикалық басқару арнасы 3 сенімді синхронизация тарату арнасын қамтамасыз етеді. Орнатылған оптикалық басқару арнасы оптикалық секцияның жұмыс параметрлерін басқаруды қамтамасыз етеді. iManager T2000 желілік басқару жүйесі мықты имитация функцияларын (моделдеу), толқын ұзындығы ресурстарының статистикалық анализін, трассировканы басқару және толқын ұзындығының арнасын өткізгіш ретінде басқаруды қамтамасыз

етеді. iManager (iMES) сарапшы жүйесі желі элементіне тәуелсіз орнатылған және жаңартылған болуы мүмкін. Апаттық ақпараттарды күшейту кезінде жұмыс параметрінің анализін, құрылғыны енгізуге және эксплуатациялауды және автоматтандырылған тестілеу функциясын ұсына алады.

Жеңіл орнату, техникалық қызмет көрсету және кеңейту, әр түрлі өндірушілер мен әр түрлі құрылғыларды біріктіру қамтамасыз етілген. OptiX BWS 1600G жүйесінің негізінде желіні ұйымдастыру кезінде «нүкте – нүкте» және «шынжыр» топологиялары кеңінен таралған.

«Шынжыр» топологиясының негізінде құрылған типтік желі 1.5 суретте келтірілген. Кейбір арналардың қызметі OTM түседі, оның толқын ұзындықтары түрленеді, мультиплексирленеді және демультиплексирленеді. Желіге қойылатын талапқа сәйкес OLA оптикалық күшейткіші мен REG регенераторы берілу ара – қашықтығын ұлғайту үшін қолданылады. Егер екі OTM арналары арасындағы енгізу/шығару қажеттілігін жүзеге асыру туындағанда, оптикалық енгізу/шығару модулі қолданылады. Желі қорғанысы оптикалық деңгейде қамтамасыз етіледі немесе оптикалық толқын ұзындығын түрлендіру платасы үшін 1:8 қорғаныс қолданылады.

OptiX BWS 1600G OLP платасының көмегі арқылы желіге 1+1 қорғанысын қамтамасыз ете алады, 1.6 – суретте көрсетілген. Суретте екі оптикалық талшық бір оптикалық кабелде екі бағыттағы жұмыстық арна, ал басқа екінші оптикалық кабелдегі оптикалық талшық қорғаныс арнасы ретінде қолданылады. Жұмыстық арнада әлдеқандай істен шығу орын алғанда беріліс ағыны автоматты түрде OLP платасы арқылы қорғаныс арнасына қайта қосылады. Сондай – ақ құрылғы резервті арнадағы ақауды уақытында таба алады. Осылайша беріліс желісінің қорғанысы OLP платасының көмегі арқылы оптикалық деңгейде DWDM құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.



OTM - оптикалық терминалдық мультиплексор; OLA - оптикалық желілік күшейткіш; OADM - шығу/кіру оптикалық мультиплексор; REG - регенератор

1.5 Сурет – "Шынжыр" топология негізінде желіні құрастыру



Protecionchannel - қорғауарнасы; Workingchannel - жұмысарнасы; OLP - оптикалық сызықтың қорғау блогі.

1.6 – Сурет OLP плата көмегімен 1+1 сызықты қорғау

Беріліс желілерін құру кезінде ең көп тараған топология шеңбер топология болып табылады. Бұл топологияда енгізу/шығару арнасын әрбір желі элементінде жүзеге асыру қажет. OptiX BWS 1600G жүйесінде бұл жағдайға OADM немесе MUX/DEMUX қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Екі әдістің де функционалды диаграммасы 1.7 және 1.8 суреттерде көрсетілген.



OUT - оптикалық транспордердің блогі; OAU - оптикалық күшейткіштің блогі; OADM - кіру/шығу оптикалық мультиплексор; OBU - оптикалық күшейткіш-бустер

1.7 Сурет – OADM арқылы арналарды енгізу/шығару

1.7 және 1.8 суреттен OADM қолдану кезінде экономикалық эффектілі әдіс болып табылатын аз құрылғы қажет етілетіні көрініп тұр. MR2 платасы 100МГц өлшемде арналарды таратумен С – екі арнаның ағынын енгізу/шығаруды жүзеге асыра алады. OADM бір станциясы қарамағында максималды 8 MR2 дейін ие бола алады, мысалы 16 толқын ұзындығынаң ағындары жұп С – сызығынан және С – тақ сызығынан енгізіліп/шығарылған болуы мүмкін. Егер көп толқын ұзындығын енгізу/шығару қажет болса, онда OADM орнына MUX/DEMUX қолдану қажет. MUX/DEMUX арқылы барлық 40 арна 1.8 суретте көрсетілгендей енгізіліп/шығарылған болуы мүмкін, 4

мультиплексор/демультиплексор қолданылғанда барлық 160 арнаның ағыны С немесе L – сызыққа тәуелсіз енгізіліп/шығарылған болуы мүмкін.

OptiX BWS 1600G жүйесінің құрылымы. Орындалатын функцияларға байланысты DWDM құрылғысы келесі түрде салаланады: OTM оптикалық терминалды мультиплексор/демультиплексор, OLA оптикалық желілік күшейткіші, OADM енгізу/шығару оптикалық мультиплексоры және REG электрлік регенератор.

OptiX BWS 1600G жүйесі – қазіргі заманғы бұл өнім OptiX сериясының алдыңғы өнімдерінің барлық функционалды мүмкіндіктерін толықтай қабылдаған қазіргі уақытта оптикалық беріліс жүйесін дамыту деңгейіне толықтай сәйкес келетін магистралдық деңгейдегі оптикалық беріліс аумағына сәйкес келеді.



М40- 40-арналық мультиплексор; D40- 40-арналықдемультиплексор

1.8 Сурет – MUX/DEMUX қолдану арқылы арналарды енгізу/шығару

OTM құрылғысы барлық толқын ұзындығын енгізу/шығаруды жіберу, қабылдауды жүзеге асыра алады. Ол оптикалық транспондер блогынан, мультиплексор/демультиплексордан және күшейткіштен тұрады. OTU оптикалық транспондер блогы STM-64 (ITU-T G.691) кіріс сигналын DWDM (ITU-T G.692) сигналына түрлендіреді және оларды мультиплексорға жібереді. Мультиплексор бір оптикалық талшық бойынша ақпарат жіберу үшін арналарды 50 МГц таратып, 160 түрлі тармақталады. Қабылдау жағындағы әлсіз сигналдар күшейеді және мультиплексорға жіберіледі. Мультиплексорда бұл сигналдар 160 арнаға демультиплексорланады және OTU жіберіледі. OTU DWDM стандартты сигналдарын STM-64 сигналына түрлендіреді. OptiX BWS 1600G системасынаң L және С диапазондар үшін жұмыс жиілігі:

- С-тілкемі: 192,10ТГц - 196,05 ТГц (1529,16 нм - 1560,61 нм);
- L-тілкемі: 186,95 ТГц - 190,90 ТГц (1570,42 нм - 1603,57 нм).

OLA жабдығы DWDM оптикалық сигналдардың беріліс қашықтығын арттады.

Оптикалық сигнал күшеюінің есебінен дисперсия конпенсациясы және басқару арнасын жіберуге берілген құрылғы магистралды желілік беріліске қол жеткізуге көмектеседі.

